



Талдықорған

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№47 (1837) Жұма, 22-қараша 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті



Құрметті қауым!

Баршаңызды Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумының ашылуымен құттықтаймын! Алқалы жиын Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында өтіп жатыр. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

Сондай-ақ бұл форум елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуына тұспа-тұс келіп отыр. Сол науқанның түрлі салдары болғанын білесіздер. Соған қарамастан ауыл шаруашылығында көптеген оң өзгеріс жасалды.

Қазақта «Еңбегіне қарай – өнбегі» деген сөз бар. Мұны, ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізілді, қажетті көмек берілді. Қазір елімізде жаңа экономикалық бағдар аясында нақты шаралар қолға алынып жатыр.

Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмендеді (биылғы қазан айында жылдық инфляция 8,5 пайызды құрады), ұлттық экономиканың өсімі 2024 жылдың қаңтар-қазан айларында 4 пайыздан асып, жақсы қарқын алды. Мұнайдан тыс салаларды дамыту арқылы оң динамика байқалады.

АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

АУЫЛ – АЛТЫН БЕСІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына қатысып, сөз сөйледі.

Бұл – маңызды үдеріс. Ішкі жалпы өнім өсімінің үштен екісінен астамы сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығына тиесілі. Осы бағыттағы белсенді жұмысты жалғастыру керек.

Қазақстан шет елдерден тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Биыл жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанның қазіргі несие рейтингі инвестициялық сенімділік деңгейінде тұрғанын растады. Қыркүйекте Moody's агенттігі Қазақстанның ұзақмерзімді рейтингін «Тұрақты» болжамына көтерді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік нәтиже.

Агроөнеркәсіп кешеніне жан-жақты қолдау көрсетілуде. Негізгі мақсатымыз-ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру. Бүгінде Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексындағы еліміздің көрсеткіштері жақсарып келеді. 2022 жылы осы рейтингте 32-ші орынға шықтық.

Енді алдағы жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталайын.

БІРІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу қажет.

ЕКІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенін индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру қажет.

ҮШІНШІ. Ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету аса маңызды.

ТӨРТІНШІ. Ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды белсенді түрде енгізу қажет.

БЕСІНШІ. Ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігі маңызды.

АЛТЫНШЫ. Ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін күшейту қажет.

Құрметті форумға қатысушылар!

Халқымыздың 40 пайызы ауылда тұратынын білесіздер. Агроөнеркәсіп кешені бүкіл елдің, әсіресе, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сол себепті мен ауылды өркендету ісіне айрықша мән беремін. Бұған сайлау алдындағы тұғырнамада ерекше назар аудардым. Президент сайлауынан кейін алғашқы Жарлығым ауылды дамытуға арналды.

Менің тапсырмаммен Үкімет бес жылды қамтитын тұжырымдама қабылдады. «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр.

Қазірдің өзінде нақты нәтиже бар. Биыл 200-ге жуық ауылға су құбырын тарту үшін қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін ауыл халқының 95 пайыздан астамы таза сумен қамтамасыз етіледі.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында елді мекендеріміз тазарып, жаңаша келбетке ие бола бастады. Қоршаған ортаға қамқорлық қоғамдық мәдениеттің арқауына айналды. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды. Менің тапсырмаммен Үкімет арнайы тұжырымдама қабылдады. Басты мақсат – халықтың экологиялық мәдениетін одан әрі арттыру.

Еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлтымыздың бірегей болмысына айналуда тиіс. Кез келген жетістікке тынымсыз еңбек қана жеткізетіні даусыз. Бұрынғылар «Еңбек бәрін жеңбек» деп бекер айтпаған. Еліміздегі әр азаматтың адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жеткенін қалаймын. Бұл – азаматтарымыздың өмірлік мақсатына айналуда тиіс. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасының мәні де осында жатыр.

Мен жастарға сенетінімді үнемі айтып келемін. Ауыл шаруашылығы жастардың өзін танытуына мол мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ауылға маман тартудың қаншалықты қиын екенін жақсы білетін шаруашылық басшылары бұл іске ерекше мүдделі.

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласына мамандар даярлауға үлкен көңіл бөлініп келеді. Соңғы жылдары елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Оның төртеуі агроном, мелиоратор, биотехнолог және эколог сияқты ауыл шаруашылығы саласында сұранысқа ие мамандарды халықаралық бағдарламалар бойынша даярлайды.

Жауапкершілігі мол кәсіпкерлер мен инвесторлар ғана елдегі оң өзгерістердің нағыз көшбасшысы бола алады. Сіздер ынтымақ-бірлік пен нағыз патриотизмнің озық үлгісін көрсетіп, ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту бересіздер деп сенемін. Мемлекет сіздерге жан-жақты қолдау көрсетіп, лайықты бағалайды. Мемлекет пен агробизнес арасындағы байланысты жақсарту үшін бүгінгі Форумды жыл сайын өткізуді ұсынамын.

(Толығырақ www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында)

САЯСАТ

ҚАЗАҚ-СЕРБ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Мемлекет басшысы Сербия Президенті Александр Вучичпен шағын құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөзге дейін Сербия сарайының алдындағы алаңда ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан Президентінің келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді. Құрмет қарауылының бастығы рапорт бергеннен кейін екі елдің әнұрандары шырқалды, сондай-ақ он рет зеңбіректен оқ атылды. Бұдан кейін Президенттер бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Александр Вучичке ризашылығын білдіріп, Қазақстан Президенті ретіндегі Сербияға алғашқы сапарының мәні ерекше екенін айтты.

Сонымен қатар бұл сапар қазақ-серб қарым-қатынасының жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық халықтар

достығына, саяси диалог пен өзара қолдауға ұдайы арқа сүйейтінін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, соңғы жылдары Астана мен Белград экономикалық ықпалдастықты нығайту үшін нақты шаралар қабылдап, сауда және инвестициялық байланыстарды белсенді дамытып келе жатыр.

Орайлы сәтті пайдалана отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев көктемгі су тасқыны кезінде көмек көрсеткені үшін Александр Вучич пен Сербия халқына алғыс айтты. Мемлекет басшысы мұны

екі ел арасындағы шынайы достықтың жарқын көрінісі ретінде бағалады.

Александр Вучич Сербияның елімізбен саяси диалогты нығайтуға бейіл екенін растап, халықаралық аренадағы іс-қимылды үйлестірудің маңызына тоқталды.

Кездесуде мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Сербия арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың перспективасын, екіжақты ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын талқылады. Бұдан бөлек тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

www.akorda.kz

БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)

1 жыл – 7638,56 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ) ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)

1 жыл – 4566,40 тг.

1 жыл – 4066,40 тг.

ИНДЕКС 15771

ИНДЕКС 65771

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ ТАЛДЫҚОРҒАНДА



ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Жетісу облысына жұмыс сапары барысында өңірдің бірқатар медициналық нысандарын аралады. Өңірлік денсаулық сақтау басқармасының ұжымдары және дәрігерлерімен бірге медициналық көмектің басым бағыттарын талқылап, проблемалық мәселелерге ерекше назар аударып отырып, оларды шешуге Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан қандай қолдау керектігін анықтады.

Министр ең әуелі «Асар» спорттық-оңалту кешеніне барып, жұмыс бағытымен танысты. Орталықта массаж, логопедия, физиотерапия, кинезотерапия, механотерапияны қоса алғанда, оңалту аппараттарының 30-дан астам түрі бар. Мұнда тірек-қимыл жүйесінің бұзылуынан, омыртқа жарақаттарынан, инсульттан қалпына келтіруге және церебралды сал ауруы диагнозын қойылған науқастармен жұмыс істелінеді. Әрбір пациентке бағытталған жеке тәсіл мен кешенді қолдау көрсетіледі. Ақмарал Шәріпбайқызы «Бірлескен құш-жігермен біз жергілікті жерлерде медициналық көмектің сапасын арттырып, әрбір тұрғынның денсаулығын жақсарту алатынымызға сенімдіміз»-деп орталық басшысының талап-тілектері ескерілетінін, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін атап өтті. Бұдан өрмен халық қалауысы Талдықорған қалалық көпбейінді аурухана, перинаталдық орталық ұжымымен, қала тұрғындары және журналистер қауымымен кездесті. Министр аурулардың профилактикасы және алдын алу, сондай-ақ созылмалы науқастарды диспансерлеу, шұғыл жағдайларды болдырмау мақсатында жоспарлы емдеуге уақытылы жіберу мәселелеріне баса назар аударды. Сонымен қатар, жиын барысында медициналық көмек көрсетудің сапасы, стандарттардың сақталуы, жаңа енгізіліп жатқан талаптар мен бағдарламалар сынды бірқатар өзекті мәселелер талқыланды. Облыс тұрғындарымен кездесуде емханалардың жұмысы, облыстың шалғай аудандарында медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, кадрларды тарту және медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларын тілге тиек етті. Министр медициналық көмектің және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің сапасын жақсарту үшін, оның ішінде цифрландыру бағдарламасы шеңберінде заманауи технологияларды енгізудің маңыздылығын атап өтті. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау жүйесінің басым бағыттарының бірі халыққа сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету болып табылатынын ескертіп, жеке қабылдау аясында тиісті мекеме басшыларына тапсырма жүктеді.

Айта кетейік, Жетісу облысында медициналық кадрлардың тапшылығы проблемасын шешу үшін биылдан бастап көтермеақы төленеді. Енді өңірге келген дәрігерлер ауылдық жерде жұмыс істейтін болса, 10 млн. теңгеден және қалада жұмыс істеген жағдайда 5 млн. теңгеден алады. Денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, өткен жылы өңірде дәрігерлік кадрлардың тапшылығы 8%-ға төмендеген. Жыл басынан бері облысқа 80-ге жуық маман келді. Жетісу облысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 59 нысанның құрылысы басталды. Жалпы өңірде қабылданған шаралардың арқасында соңғы 2 жылда денсаулық сақтау нысандарын жаңарту деңгейі 50%-дан асты.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

2025 ЖЫЛЫ КІМДЕР ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУДАН БОСАТЫЛАДЫ?

Қаржы министрі Мәди Такиев 2025 жылы жалпыға бірдей декларациялау науқанында кімдердің табыс декларациясын тапсыруға міндетті екенін айтты. Бұл туралы Todayinfo.kz хабарлады.

Декларация тапсыруға міндеттілер:

- ▶ Мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайлары.
- ▶ Квизимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайлары.
- ▶ 20 мың АЕК (73 млн 840 мың теңге) көлемінде мүлкі бар адамдар.
- ▶ Шетелде мүлкі барлар.
- ▶ Шетелдік банктерде шоты бар қазақстандықтар.

Декларация тапсырмайтындар:

- ▶ Мұғалімдер.
- ▶ Дәрігерлер.
- ▶ Полиция қызметкерлері.

Министрдің айтуынша, жеке кәсіпкерлер декларацияны жыл сайын тапсыруға міндетті. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметкерлер мүлкті басқа адамдардың атына тіркей алмайды.

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ АҚСУ МЕН КӨКСУ ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫ КҮНІНЕ 5 МЫҢ ТОННА ӨНІМ ҚАБЫЛДАУДА

Жетісу облысында себілген 13,7 мың гектар қант қызылшасының бүгінгі күні 11,5 мың гектары, немесе 83,7% қазылып, 545 мың тонна өнім алынды. Қалған 2,2 мың га алқаптарда жиындарын жұмыстары жалғасуда, қызылшаны қазуға 80 комбайн жұмылдырылған, Ақсу және Көксу қант зауыттары күн сайын орта есеппен өнім тиелген 250 автокөлікті қабылдауда.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының 18 қарашадағы мәліметіне қарағанда, қант зауыттарына 445 мың тонна өнім өткізілген. Соның 212 мың тоннасы Көксу қант зауытына, 233 мың тоннасы Ақсу зауытына, оның сыртында Ақсу қант зауытына 29 мың тонна Жамбыл облысынан жеткізілген. Қазылған қант қызылшаның 100 мың тоннасы шаруашылықтардың егістік алқаптарында бұртта жинақталған, қазылатын 2,2 мың гектардан 95 мың тонна қызылша жиналады. Жалпы облыс бойынша жиналатын қызылшаның көлемі 640 мың тоннаға жеткізіледі деп күтілуде.

- Қант қызылшасына берілетін субсидия көлемі ұлғайтылған соң бұл дақылды өсірудің табыстылығы да өсіп, шаруалардың қызығушылығы артты, сөйтіп биылға жоспарланған 10,7 мың гектардың орнына 13,7 мың гектарға, яғни 3,0 мың гектарға артық себілді. Шаруалардың өсірген өнімін дер кезінде қазып алып, зауыттарға өткізуі аса маңызды. Сондықтан өнімді жинау және қабылдау 15 қыркүйектен бастал-



ды. Қазір екі зауыт бекітілген кестеге сәйкес күнделікті жалпы 5 мың тонна қант қызылшасын қабылдап отыр, - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев.

Қызылша өткізуге кезекте тұрған көлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасау үшін оларға ыстық тамақ ұйымдастырылуда. Бұл іске зауыттар орналасқан Көксу, Ақсу аудандарымен қатар қызылша өсіруші барлық аудан-қалалардың жергілікті атқарушы органдары да атсалысып жатыр.

Бүгінгі күнге қант зауыттары шаруашылықтарға қабылдаған қызылшаға 3,3 млрд. теңге төледі, оның ішінде Көксу қант зауыты – 1,4 млрд. теңге, Ақсу қант зауыты – 1,9 млрд. теңге. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан шаруашылықтардан түскен 160 өтінім бойынша 3,1 млрд. теңге субсидия төленді. Зауыттардың шаруалармен есеп айырысуы мен өткізілген өнімді субсидиялау шаралары шаруашылықтардың өтінімдерінің түсуіне қарай жалғасуда.

ҚОҒАЛЫДА «ЖАНҰЯ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылында «Жанұя» отбасын қолдау орталығы ашылды. Бұл – облыстағы осындай төртінші орталық. Бұған дейін мұндай орталықтар өткен жылы Панфилов, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында іске кіріскен болатын.



«Жанұя» отбасын қолдау орталығы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік жағынан осал отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың экономикалық дербестігіне және азаматтардың өмірлік қиын жағдайдан шығуына қолдау көрсету мақсатында жұмыс жасамақ.

Қоғалыда кезінде аудандық емхана болып, кейін біршама уақыт бос тұрған ғимаратқа ағымды жөндеу жұмысы жасалып, құрал-жабдықтары сатып алынған. Оған жергілікті бюджеттен арнайы қаражат қарастырылды.

Аталған нысанның директоры Дәурен Жұмағалиевтің айтуынша, орталықта 15 адамға арналған жатын орын және балалар ойын бөлмесі бар, кір жуатын орын, асхана, тынығу бөлмесі жан-жақты жабдықталған. Алдағы уақытта мекемеге арнайы көлік беріледі деп күтілуде. Мұнда 19 адам тұрақты жұмыс істейді. Жаңа мекеме толықтай мемлекеттен қаржыландырылады.

Жалпы Жетісу облысында «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары 2023 жылы Панфилов, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында ашылған. Оларға 82 отбасы тіркеліп, психологиялық және әлеуметтік көмектер беріліп, қызмет көрсетілген. Ал биыл Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылындағы орталықпен қатар жыл соңына дейін Қаратал, Алакөл аудандарында осындай нысандар ашылады, 2025 жылы Ескелді, Көксу, Ақсу аудандарында ашу жоспарланған.

ҚАУІПСІЗДІК ЖОЛЫ УЛЫ ГАЗДЫ АНЫҚТАЙТЫН ҚҰРЫЛҒЫ ОРНАТЫЛДЫ

Жетісу облысында әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнату жұмысы аяқталуға таяды.

Жалпы өңірде әлеуметтік әлжуаз санатындағы 5787 отбасы болса, бүгінде соның 5619-ына аталған құрылғылар қойылды. Бұл іс осы қараша айының соңына дейін толық атқарылады.

Датчиктер орнатуды жергілікті аудан-қала әкімдері, Төтенше жағдайлар департаменті және осы іске жауапты мердігер компания өкілдері бірлесіп қолға алған.

- Мұндай датчиктерді орнату өз тиімділігін көрсетіп отыр. Мәселен, 2022-2023 жылғы жылыту маусымына қарағанда өткен 2023-2024 жылғы жылыту маусымында жеке сектордағы өрт оқиғасы облыста 27% азайды. Бұған дейін 4919



тұрғын үй осындай құрылғылармен қамтылса, қалған 868 үйге датчик орнату осы жылыту маусымына межелеген болатын. Қазіргі таңда аудан-қала әкімдіктері датчиктерді толық көлемде сатып алды, бүгінгі күнге соның 699-ы орнатылды, қалған 169-ы қараша айының соңына дейін орнатылып бітеді. Тұрғын үйлерде оқыс жағдайды болдырмау үшін жетісулықтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз, - дейді Жетісу облысы бойынша ТЖД

Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Еламан Аубакиров.

Жалпы ыстан уланудың, өрт қаупінің алдын алу мақсатында облыстық төтенше жағдайлар қызметі үйлердегі датчиктерді тексеріп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын күшейтуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚОРШАҒАН ОРТА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

«Жасыл ниеттестік» ҚБ халық арасында экологиялық мәдениет қалыптастыру мен қоршаған ортаны қорғау және шешу мәселелерінде жұмыс жүргізуде. Ұйымның басым бағыттары тұрғындардың экология туралы білімін жетілдіруге, туризмді дамыту, қосымша инфрақұрылым орнату, жергілікті таза табиғи өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау танытуға, одан бөлек елді мекендердің тазалығына мониторинг жүргізу, түрлі конкурс ұйымдастыру арқылы экологиялық мәселелердің шешілуіне ықпал етуге бағытталған. Аталмыш бастамалар өңірдің экологиялық хал-ахуалын жақсартып қана қоймай, туризм саласының тұрақты дамуына, табиғи ресурстарды өскелең ұрпаққа жеткізуде өзіндік септігін тигізбек. Атықарылып жатқан жұмыстар легімен «Жасыл ниеттестік» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Әлия Ахмедиева және облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Ілияс Түстікбаев баспасөз мәслихатында таныстырды.



«Туризм және экология» жобасы аясында өңірдің 8 ауданы мен 2 қаласында семинарлар өткізіліп, онда егіншілік, жасыл желектерді күту және жергілікті билік өкілдерімен өзара әрекеттесу мәселелері көтерілді. Суару, өсімдіктерге күтім жасау және мамандардың жетіспеушілігі секілді жасыл аймақтардың жағдайын нашарлататын өзекті мәселелер анықталды. Спикерлердің айтуынша, жобаға 6 жаттықтырушы, жетекші және ғалымдар, журналистер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері, экобелсенділер қатысты. «40-тан астам кездесу өткізіліп, Алакөл және Балқаш көлдерінде 300-ден астам адамның қатысуымен екі форум ұйымдастырылды. Шараларда экологиялық заңнама, эковолонтерлік және мәселелерді шешу механизмдері талқыланды», - деп атап өтті Әлия Қасымханқызы. Жобаны іске асыру аясында экологиялық жағдайды жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеп жүрген тұрғындарды ынталандыру мақсатында 10 номинациядан тұратын «Таза істер марафоны» байқауы ұйымдастырылды. Жеңімпаздарға шағын гранттар мен Алғыс хаттар табысталмақ.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ОРТАҚ МҮДДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ



Ағымдағы жылдың 3 тоқсанның аяғында Талдықорған қала әкімдігінің 9 құрылымдық бөлім басшыларымен бірлесе сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары, білім және жұмыспен қамту, тұрғын үй қатынастары, дене шынықтыру салаларында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша 6 мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесін өткізді.

Қала тұрғындарының жалпы 50-ден астам қойылған сұрақтарына сала өкілдері толық жауаптар мен түсініктемелер берді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ КЕЛЕР ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЖОБАСЫ

Талдықорған қаласы қоғамдық кеңестің кезектен тыс 43-ші отырысында бірнеше мәселе бойынша тыңдау өткізілді. Бұл басқосуға қала әкімінің орынбасарлары Р.Бершінбеков, Ж.Андабеков және қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық әкімдіктің бөлім басшылары қатысты.

Ең алдымен, «2025 жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың жобасы бойынша» әкімшілерді алдын ала тыңдау болды. Бұл мәселелер бойынша «Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі» ММ, «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, тұрғын үй қатынастары бөлімі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, «Талдықорған қаласы әкімі аппараты» ММ «Шаруашылық басқармасы» КММ басшылары қойылған сауалдарға жауап қайтарды. Алдағы атқарылатын жұмыстарынан хабардар етті. Қаланың тыныс тіршілігіне, көркеюіне орай бөлінетін қаржының оңтайлы кәдеге жаратылуы тиіс екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан да спорт залдары мен әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамту, авариялық күйдегі үй-жайларда тұратындарға жағдай жасау, саяжайға инфрақұрылым тарту мәселелері бойынша ойлар айтылды. Жалпы, қалада «Арық жүйесі» жобасы қолға алынған. Бұл жаңа мөлтек аудандарды қамтиды. Сондай-ақ, бұқаралық спортты дамыту қажет. Ол үшін заманауи ғимараттар салынуы тиіс. Мәселен, көркем және спорттық гимнастикалық спорт кешені, басқа да нысандардың жобалық-құжаттамалық жұмыстарына, әрине, қаражат қарастырылуы кезделген.

Мәселен, 3-бөлімшедегі кітапхана бір бөлмеде орналасып, көмірмен жылытылады. Облыс, қала әкімдерімен кездесуде тұрғындар осы мәселені өтініш етеді. Ескі ғимарат орнына кітапхана, балалар үйі және бір жағына үшкөлік пункт салынса, халықтың тілегі орындалар еді. Мойнақ ауылындағы мәдениет үйін табиғи газға қосу, жаңадан қолданысқа берілген тұрғын үй аумағына, саяжайға, күрделі және ағымдағы жол жөндеу, көпірлерді реттеу жобалары турасында да ойлар айтылды. Smart аялдамалар, сондай-ақ қоғамдық көлік тоқтайтын ғимаратсыз аялдамалар жанына белгі қою мәселесі де қозғалды. Сондай-ақ, қоғамдық кеңес мүшесі Р.Ақжаркенова 2-3 топтағы мүгедектері бар жандардың қоғамдық көлікте 50 пайыздық жеңілдікпен жүріне қатысты сауалына қала әкімінің орынбасары Ж.Андабеков заң аясында қарастырылатындығын жеткізді.

Айтар болсақ, қаламызда көп балалы аналар қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүреді. Мұнан өзге оқушылар мен студенттер тегін жол жүру құқығына ие.

«Талдықорған қаласының кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы М.Ахметсапа әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының мониторингі турасында баяндап берді.

Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 2-тарауына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы **2024 жылдың 13 желтоқсанында, сағат 16:00-де Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Ынтымақ ауылы, Желтоқсан көшесі, 7 СТ-Е мекенжайында орналасқан «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар ынтымақ ауылындағы №30 орта мектеп» КММ-нің акт залында** Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру бойынша көпшілік тыңдау өткізеді.

№	Бұрынғы атауы	Жаңа атауы
1	Оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ 3 көше (3 бөлімше)	Көктен Қоңырбайұлы
2	№4 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Өріпбай Алыбаев
3	№5 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жұматай Жақыпбаев
4	№9 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Көлсай
5	№10 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Ақши
6	№11 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Қызғалдақ
7	№13 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Бурабай
8	№17 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Аманбектер
9	№18 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Зеренді
10	№19 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жетібай
11	№20 жаңа көше «Береке» тұрғын үй алабы	Жиренкөл

Осыған орай, қала тұрғындарын аталған көпшілік тыңдау жұмысына белсенді түрде қатысуларын сұраймыз.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ:

«Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» ММ-нің ж. т.: 24-01-84

«Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің ж. т.: 24-13-48

Талдықорған қалалық мәслихатының «Заңдылықты сақтау, қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және жол-көлік инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

В соответствии с главой 2 Приказа Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года №211 «Об утверждении правил присвоения наименований административно-территориальным единицам, составным частям населенных пунктов, их переименования, а также учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований» Постоянная комиссия Талдықорғанского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры» **13 декабря 2024 года в 16:00 в актовом зале КГУ «Средняя школа №30 села Ынтымак с дошкольным мини-центром» по адресу: Жетысуская область, город Талдықорған, өтенайский сельский округ, село Ынтымак, улица Желтоқсан, 7 СТ-Е** проводятся публичные слушания по присвоению наименований составным частям города Талдықорған.

№	Прежнее название	Новое название
1	Безымянная улица №3 (3 отделение), расположенная на юго-западе	Көктен Қоңырбайұлы
2	Новая улица №4 Жилой массив «Береке»	Өріпбай Алыбаев
3	Новая улица №5 Жилой массив «Береке»	Жұматай Жақыпбаев
4	Новая улица №9 Жилой массив «Береке»	Көлсай
5	Новая улица №10 Жилой массив «Береке»	Ақши
6	Новая улица №11 Жилой массив «Береке»	Қызғалдақ
7	Новая улица №13 Жилой массив «Береке»	Бурабай
8	Новая улица №17 Жилой массив «Береке»	Аманбектер
9	Новая улица №18 Жилой массив «Береке»	Зеренді
10	Новая улица №19 Жилой массив «Береке»	Жетібай
11	Новая улица №20 Жилой массив «Береке»	Жиренкөл

В связи с этим, просим жителей города принять активное участие в данной работе публичных слушаний.

ТЕЛЕФОНЫ ДЛЯ СПРАВОК:

ГУ «Аппарат Талдықорғанского городского маслихата»: 24-01-84

ГУ «Отдел культуры и развития языков города Талдықорған»: 24-13-48

Постоянная комиссия Талдықорғанского городского маслихата «По вопросам соблюдения законности, градостроительства, жилищного хозяйства и дорожно-транспортной инфраструктуры»

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МАҢДАЙ ТЕР МЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында:

«Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шың мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! Қазақта «Еңбегіне қарай – онбегі» деген сөз бар. Мұны, ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізілді, қажетті көмек берілді. Қазір елімізде жаңа экономикалық бағдар аясында нақты шаралар қолға алынып жатыр» – деп атап көрсетті.

Ауыл шаруашылығы саласында көптеген шаруашылықтар ел ырысын арттыруға сүбелі үлес қосуда. Қараша айында ауыл шаруашылық қызметкерлері күні аталып өтіледі.

Облыс орталығы Талдықорған қаласы бойынша үстіміздегі жылдың қыркүйек айына дейін 38,9 млн. теңгеге өнім өндіріліп, нақты индекс көлемі 107,4% құрады. 9 айда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көрсеткіштері статистикалық ақпаратқа сүйенсек, 3269 тонна ет, 4833 тонна сүт, 193,8 млн дана жұмыртқа өндірілді. Жалпы ауыл шаруашылығындағы жетістіктер, күзгі жиын-терін турасында қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Абзал Зейнулда айтып берген еді.

– Ауыл шаруашылығы өте маңызды сала. Ерте көктемнен қара күзге дейін қала еңбеккерлерінің төккен еңбегі ақталды. Айтар болсақ, 2024 жылы қала аумағындағы 6502,7 гектар алқапқа 1653,0 га дәнді дақыл, оның ішінде, бидай, арпа, жүгері, ал майлы дақылдан қытай бұршағы мен мақсары және 150,0 га қызылша, 618,0 га картоп, 17,0 га бақша дақылдары, 1217,0 га көкөністер, 923,0 га жеміш себілді. Биыл қант қызылшасын еуді 8 шаруа қожалығы

қолға алған еді. Ағымдағы жылдың 21 қыркүйегінде диқандар қант қызылшасын жинау жұмыстарын бастап, 7 қарашаға дейін егілген 150 га өнім толығымен жиналып алынды. Орташа өнімділік 1 га жерден 460 центнерді құрады. Жалпы 6900 тонна өнім жиналды. Сонымен қатар дәнді дақылдар: бидай 603 тонна, арпа 1027 тонна, жүгеріден 5086 тн өнім жиналды. Ал, майлы дақылдардан, қытай бұршағы (соя) 5177 тн, мақсары(сафлор) 150 тн, рапстан 10 тонна өнім алуға қол жеткізілді, – дейді бөлім басшысы.

Сондай-ақ, қашанда жиналған өнімді сақтау маңызды. Қала аумағында 5 кәсіпорын жалпы көлемі 50 мың тоннаға дейін дәнді-дақылдарды қабылдауға дайын. Сонымен қатар 1,62 га көлемді құрайтын 6 жылыжай бар. Олардың ішінде 5 жылыжай көкөніс өсірумен, қалған біреуі салат жапырағын өсірумен айналысады. Бүгінгі күні жылыжайлар 9,5 тонна қызанақ, 93,7 тонна қияр және 45 мың салат жапырағын өндіріп, халыққа өз өнімдерін ұсынууда.

Ал, қалада көлемі 5200 тоннаны құрайтын 5 көкөніс сақтау қоймалары орналасқан. Қазіргі таңда 13 қараша күніне дейінгі дерекке сүйенсек, көкөніс қоймаларында 850 тонна картоп, 450 тонна сәбіз және 500 тоннаға жуық пияз



сақталып тұр.

Ағымдағы жылы жалпы 884,5 тонна минералды тыңайтқыш енгізу жоспарланып, тамыз айында шаруа қожалықтармен 900 тонна минералды тыңайтқыштар алынған болатын. Жалпы алғанда, күзгі дала жұмыстарына 174 тоннаға өтінім жасалды. Оның 156,2 тоннасын сатып алуға 17 шаруа қожалығы келісімшартқа отырып, бүгінде оның 116 тоннасын сатып алынды.

Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтылуы да маңызға ие. Ел Президенті «Мен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу жөнінде міндет қойдым. Бұл мақсатқа 120 миллиард теңге бөлініп, отандық ауыл шаруашылығы техникаларын жылына 5 пайызбен жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы басталды. Үкімет еңбек өнімділігін арттыруға, импортталатын қосалқы бөлшектерді локализациялап, ұсақ бөлшектерден құрастырылатын өндірісті қолдауға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға баса мән беруі керек», – деп атап көрсетті.

Биыл қала бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 10 қажетті техникаларды 234,9 млн. теңгеге сатып алды. «Аграрлық несиелік компаниясы»

АҚ-нан «Агробизнес» бағдарламасы арқылы көктемгі дала жұмыстарына 5 шаруа қожалығы жеңілдетілген 142,2 млн. теңге несиелен қамтылды. Сондай-ақ корпорацияның «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы көктемгі дала жұмыстарына 5 шаруашылық жеңілдетілген 94,9 млн. теңге несиелен қол жеткізді. Еркін және Өтенай ауылдық округінде «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 167,1 млн теңгені құрайтын 20 өтінімнің 17-сі мақұлданды.

Ауыл еңбеккерлері мал басын өсіруге мол үлес қосуда. Талдықорған қаласының ветеринариялық станциясының АШЖБ (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру) ақпараттық жүйесіне сәйкес, 9920 ірі қара мал, 28255 қой мен ешкі, 3732 жылқы, 50 түйе, 649 шошқа және 1,4 миллионнан аса құс бар. Қала аумағында 2780,9 га жайылымдық жер тіркелген. Атап айтсақ, Өтенай ауылдық округінде 2056,45 га, Еркін ауылдық округінде 724,54 га құрайтын жер үлесі бар.

Жұмыстың кез келгені қадірлі. Ең бастысы, жауапкершілікті сезіне отырып, алға қойған міндеттерді сапалы орындау қажет. Сонда ғана жетістіктерге қол жеткізе береріміз сөзсіз.

Данагүл МӘКЕН

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚАРЖЫГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Елімізде 1993 жылы 15 қарашада айналымға ұлттық валюта – теңге енгізілді. Осы күннен бастап еліміз өзінің төл теңгесіне, ұлттық валютасына ие болды. Бұл ұлттық валютамыз тәуелсіз еліміздің негізгі айғағы ретінде экономикалық егемендікті қамтамасыз етті. Ақша-кредиттеу саясатын жүргізуге және жаңа реформаларды кеңінен дамытуға ықпалын тигізді. Ал, 1997 жылы 15 қараша – төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленген болатын. Биыл ұлттық теңгенің айналымға енгеніне 31 жыл толды.

Облыс орталығы Талдықорған қаласында қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткен салтанатты шараға қала әкімі Е.Бәзіл қатысты.

Салтанат сарайындағы шара шымылдығын қала әкімі Ернат Бәзіл ақжарма тілегімен ашып, қаржы саласында қажырлы еңбек етіп, өңірдің дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген жандарға шынайы алғысын білдірді.

«Қымбатты қаржы саласының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, өзімнің шынайы алғысымды білдіремін! Бүгінгі қоғамда, ақша айналымын еркін қамтамасыз етіп, оны жұмсай алу және қаржылық сауаттылық әрбір азамат үшін маңызды.

Сонымен қатар, мемлекет үшін, елдегі қаржы нарығын тұрақты ұстап, ақша қорын қалыптастыру, қаржы органдары мен қызметкерлерінің жауапкершілігінде. Еліміздің дамуы жолындағы

еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!» – деді.

Салтанатты шара аясында, қаржы саласында еңбек етіп жүрген 40-қа жуық қызметкерге облыс және қала әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табыс етілді. Сондай-ақ, осы салада 30 жылға жуық табанды еңбек етіп келе жатқан Жетісу облысы бойынша қазынашылық департаментінің Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының басшысы Ғалия Орынова «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Жетісу облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшысы А.Сансызбаев, «Қазақстан Халық банкі» АҚ Жетісу облыстық филиалы директорының орынбасары А.Байбатқалова әріптестерін мерекеге орай құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Өңір өнерпаздары әуезді әндерді кеш қатысушыларына тарту етті.

Дана ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ



ҚОНЫСТОЙ

17 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Шығыс» шағын ауданынан тұрғын үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы 17 отбасыға жаңа баспана берілді.

Осынау қуаныштарымен құттықтау үшін қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков арнайы келіп, баспаналы болып жатқан тұрғындарға ақжарма тілегін ақтарып, пәтер кілттерін табыс етті.

«Бүгін көптен күткен пәтерімді алып, риза болып жатырмыз. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасы ретінде кезекте 10 жылдан аса уақыт осы баспананы күттік. Сол күнге де жеттік, рақмет. Шынымен халықтың жағдайына аса көңіл бөліп жатқан қала басшылығына аналық алғысымды айтамын», – деді Альмира Закарьянова.

Айта кетейік, бұл күні пәтер кілті 5 жетім балаға, 4 мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасыға, 3 көпбалалы анаға, 2 толық емес отбасыларға және Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген 2 азаматқа, сондай-ақ, әскери қызметін орындау кезінде қайтыс болған бір отбасыға табысталды.

ҚАЛА ӘКІМІ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қала аумағында құрылыс жұмыстары жүріп жатқан бірнеше құрылыс нысандарын аралады.

Ең алдымен қала басшысы №16 орта мектеп-гимназиясының жай-күйін көруден бастады. Аталмыш білім ордасына бүгінгі таңда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етуде. Осыған орай, қала әкімі мектепке арнайы барып, білім ошағын аралап, туындап отырған мәселелерді назарға алып, көмек беретіндігін жеткізді.

Сонымен қатар, 8 шағын аудандық жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарын аралап, абаттандыру, тағы да басқа мәселелер бойынша мердігер компания өкілдерімен кездесіп, басталған жобаларға мұқият қарауды ескертті.

Бұдан бөлек, қала басшысы үстел теннис орталығындағы құрылыс қарқынын көрді. Сондай-ақ, «Береке» коттеджді қалашығында қайта жаңғыртылып жатқан баспаналарға да назар аударды. Бұл жерде газ, сумен жабдықтау желілерінің құрылысымен танысып, мердігер мекемеге жөндеу жұмыстарын әрдайым бақылауда ұстауды тапсырды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі



ПОРУЧЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА ПОСТРОЯТ НОВЫЙ ТЕРМИНАЛ АЭРОПОРТА В УШАРАЛЕ

В выходные дни министр транспорта РК Марат Карабаев с рабочей поездкой посетил область Жетісу. Во Дворце школьников города Талдыкоргана он встретился с населением региона. Модератором мероприятия выступил заместитель акима области Асем Канагатов.

Поприветствовав жетісусцев, Марат Карабаев сообщил, что их министерство является государственным органом РК, осуществляющим руководство в сферах железнодорожного, автомобильного, водного транспорта, гражданской авиации и автомобильных дорог.

Далее он озвучил решение вопросов, поднятых населением в марте на прошлогодней встрече. В частности, на сегодняшний день в регионе завершены капитальный ремонт участка дороги «Сарыозек-Коктал» с 45-го по 68-й километр и средний ремонт с 68-го по 110 километр. В следующем году будет проведен средний ремонт с 0-го по 45-й километр. Соответственно, дорога будет полностью приведена в порядок. Во избежание повреждения дороги большегрузным транспортом, следующим к цементному заводу «ALACEM», в двух местах будут установлены Автоматизированные средства измерения (АСИ) для фиксации перевеса, что повлечет за собой штрафные меры.

Кроме этого, до конца текущего года полностью завершится строительство автомагистрали Талдыкорган – Калбатау – Усть-Каменогорск общей протяженностью 762 км. Продолжается реконструкция автотрассы Алматы – Усть-Каменогорск – Лепсы – Актогай. Необходимые средства из республики были полностью выделены. Дополнительно пона-

добилось еще 15 млрд тенге: в этом году акимат области выделил 5 млрд тенге, на следующий год предусмотрел еще 10 млрд тенге, и, тем самым, проект будет завершен.

Также из 15 аварийных мостов ремонт 5 акимат провел за свой счет. На остальные мосты ПСД готовы, из республиканского бюджета на дальнейшие работы будет выделено 500 млрд тенге.

Одним словом, как подчеркнул министр, за 1,5 года все поступившие от региона вопросы были решены.

После состоялся двусторонний диалог, где выступления жителей области касались: возможности открытия железнодорожных переездов в селе Енбекшиказах и на станции Айнабулак Коксуского района, создающие проблемы для земледельцев в первом случае и жителей соседних сел во втором, ремонта дороги к озеру Балхаш в Каратальском районе, в доподу Бурхан Булак и участка Кабанбай – Коктума, модернизации железнодорожного вокзала Лепсы и расширения аэропорта в городе Ушарале, передачи трассы в «СЭЗ – Хоргос – Восточные ворота» на баланс «Казавтожола», выделения дополнительной спецтехники на трассу Алматы – Усть-Каменогорск для очистки дороги зимой и др.

«Планируется строительство нового терминала аэропорта в городе Ушарале. Рассматриваются два варианта строительства:

первый — построить небольшой терминал рядом с действующим, разделив здания на зоны прилета и вылета; второй — построить терминал с большей площадью. В настоящее время местный исполнительный орган проводит анализ и разрабатывает технико-экономическое обоснование проекта», - в частности отметил Марат Карабаев на ответ о расширении аэропорта в туристической зоне.

Часть вопросов, по ответам министра, заместителя акима области и уполномоченных ведомств, уже включены в перспективные планы, часть требуют изучения и нахождения путей решения.

В завершение Марат Карабаев отметил, что область Жетісу – 18-ый регион, который он посетил, и поблагодарил собравшихся за четкий и конструктивный диалог, подчеркнув, что все девять основных вопросов взяты в разработку и на контроль.

После встречи с населением на личный прием к главе ведомства по личным вопросам записались шесть жителей. Вопросы жетісусцев были относительно условий по возврату авиабилетов, предоставлении визы для водителей международных грузовых перевозок и т.д. По итогам встречи всем обратившимся были даны исчерпывающие ответы, разъяснения и рекомендации.

Фото
Жумабая МУСАБЕКОВА

ПРЯМАЯ РЕЧЬ

СТРЕМЯСЬ К УРОВНЮ АГРАРНЫХ ДЕРЖАВ

Как кандидат сельскохозяйственных наук по специальности «Растениеводство», я долгие годы работаю в сфере технологий возделывания сахарной свеклы и других сельскохозяйственных культур. Поэтому прошедший форум работников сельского хозяйства затронул меня до глубины души.

Полностью согласен с мнением Главы государства, что одним из стратегических приоритетов в сельском хозяйстве является возрождение селекции и семеноводства. И рад тому, что по их развитию в этом году принят комплексный план и поставлены конкретные задачи. Другой не менее важный вопрос – использование минеральных удобрений. В этом направлении, по словам Президента страны, наметились позитивные тенденции, тем не менее мы должны стремиться к уровню передовых аграрных держав по соблюдению агротехнологий.

В целом, всестороннее уделение внимания развитию сельского хозяйства и АПК позволит укрепить экономику, продовольственную безопасность Казахстана и улучшить качество жизни на селе.

Абулхаир БЕКСУЛТАНОВ,
Национальная академия аграрных наук РК, Почетный академик



АКЦИЯ

ПЕРЕДАЕМ ОПЫТ –

СТРОИМ БУДУЩЕЕ БЕЗ НАСИЛИЯ

Общественное объединение «Қос қанат Жетісу» в рамках реализации государственного социального заказа «Организация мероприятий, направленных на профилактику правонарушений в городе Талдыкорган» при поддержке ГУ «Отдел внутренней полттики города Талдыкорган» провело вчера мероприятие, направленное на профилактику бытового насилия среди молодежи и населения.

Акция началась со встречи старшего поколения в Центре активного долголетия и продолжилась пешей прогулкой по городу, символизирующей движение к будущему, свободному от насилия. Участники смогли пообщаться, познакомиться друг с другом и поделиться своими мыслями и идеями, попутно любясь красотой областного центра.

Прогулка завершилась у детского дома «Айналайын», где пожилые люди встретились с воспитанниками дома и обсудили важные темы, связанные с профилактикой бытового насилия. Цель мероприятия — привлечь внимание к данной проблеме и сформировать здоровое общество через взаимодействие и обмен опытом между поколениями.

В ходе встречи прозвучали творческие выступления ребят, прошло обсуждение вопросов, связанных с причиной и последствиями бытового насилия, состоялись мастер-классы с участием пожилых людей о том, как строить безопасные и уважительные отношения, и сессия вопросов и ответов, проведен творческий конкурс плакатов по профилактике бытового насилия.

В целом, мероприятие нацелено не только на повышение осведомленности, но и на активное вовлечение молодежи в решение проблемы насилия. Сотрудники ОО «Қос қанат Жетісу» уверены, что совместная работа и обмен опытом помогут создать общество, свободное от насилия.

РЕМЕСЛЕННОЕ ТВОРЧЕСТВО

КАЖДОЕ ИЗДЕЛИЕ –

HANDMADE

В ЕДИНСТВЕННОМ ЭКЗЕМПЛЯРЕ



Евгения Звягина из Жетісу приняла участие в республиканской выставке финалистов проекта «Одно село – один продукт», прошедшей в октябре, и получила благодарность за вклад в развитие отечественного производства продукции. Уже третий год она вручную изготавливает все виды украшений и аксессуары, используя кожу, войлок, камни, дерево и металлы.

Вся жизнь талдыкорганки связана с творчеством: с десяти лет Евгения посещала детскую художественную школу, обучалась в лицее по художественному направлению, окончила Бишкекское технологическое училище по специальности «инженер-конструктор швейных изделий». После более пятнадцати лет проработала художником-вышивальщиком в известном ателье «Раушангуль». Творческий дар передан Евгении и по наследству: папа хорошо чеканил картины из железа, работал с деревом, а бабушка была вышивальщицей.

Три года назад в ее жизнь вошло областное общественное объединение ремесленников «Алтын адам», которое, организовав выставку, распродало небольшую коллекцию украшений рукодельницы, сделанных для себя. Это дало понять, что ее творения пользуются спросом, и вдохновило на посвящение своей жизни новому увлечению и «свободному плаванию».

Сейчас небольшая квартира Евгении Звягиной является и мастерской, где рабочее место, стеллажи с сырьем и готовой продукцией гармонично вписываются в пространство для личного отдыха. Ассортимент изделий включает уже не только все виды украшений, но и ремни, кошелек, портмоне, женские сумочки. Каждое изделие – handmade в единственном экземпляре, а также изготовленное по индивидуальному художественному дизайну, эксклюзивному и неповторимому.

– Все начинается с того, что появляется идея, а потом из соединения кожи и войлока рождается новая вещь. Войлок я вялю сама, вручную пробиваю кожу, простегиваю и прошиваю. Это полностью ручной труд и я только за него, потому что именно он содержит некую энергию и волшебство. Уже в дальнейшем я вставляю камни. Также привношу в изделия национальный колорит и орнаменты, как достояние культурного наследия, передавая их в новой и современной интерпретации. И люблю, когда вещь – нужная и ее можно использовать в разных вариациях, к примеру, сумку – как на ремешке через плечо, так и на поясе, – объясняет рукодельница, работающая по наитию и по своему видению.

Ко всему этому Евгения является нумерологом, поэтому она создает не только красивые, но и полезные украшения. По ее мнению, зная цифру и запрос человека, можно подобрать тот камень, который будет благоприятно влиять на проработку нужной сферы. Не зря с испокон веков люди использовали драгоценные камни на головных уборах, в кольцах и браслетах, считая, что они способны «убирать» негатив и привносить какую-то определенную энергетику.

По словам мастерицы, большая продажа изделий осуществляется на ярмарках-выставках, поэтому она – постоянная участница республиканских и международных ремесленных выставок, проводимых в Астане и Алматы. Побывала с показами в России и Узбекистане. Поэтому обладателями ее неповторимых вещей являются не только казахстанцы, но и люди из-за рубежа. К слову, браслет мастерица заканчивает непосредственно на ярмарке, поясняя, что у всех разные запястья. На месте делает замер, подгоняет украшение, пробивает кнопки и товар готов для потенциального покупателя.

На достигнутом Евгения Звягина останавливаться не собирается. Ее главная цель сейчас – найти в городе мастерскую.

– Дома у себя я могу принять не более одного человека, к тому же дом есть дом. А чтобы создавать и продавать рукодельные изделия, проводить мастер-классы для желающих, сотрудничать с туристическими агентствами, нужна просторная мастерская в хорошем месте, с парковкой, с нужным освещением в помещении и вытяжкой, так как в плане у меня – изготовление ювелирных изделий из серебра, – говорит о планах мастерица.

Также в голове у творческой личности – много идей и проектов, она готова экспериментировать и усложнять работу, осваивая новые техники ремесла. Этому помог и проект «Одно село – один продукт», задавший планку: а что ты еще можешь предложить такого интересного рынку, посредством чего ты прославишь свое село, свой город и свою страну?!

Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА



ҰЛАҒАТ ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ

Мұғалімнің жас ұрпақты тәрбиелеуі, білім беру саласындағы рөлі және қоғамға қосар үлесі зор. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» деген сөз бекер емес. Ғылымның шыңына жеткен ғалым да, елін қорғаған батыр да, сөзінің құдіретімен елді мәнті еткен ақын да, тіпті күнделікті еңбегімен халыққа қызмет еткен жұмысшы да, диқан да, шопан да, ғарышқа ұшқан ғарышкер де бәрі де ұстаздың білім мен тәлімі арқылы.

Сондықтан, ұлағатты ұстаздар алдында бүкіл адамзат бас иеді. «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы». Ал «ұлағатты ұстаз» сөз тіркесі – ұстаздың тек өз ісін жақсы білетін маман ғана емес, шәкірттеріне жол сілтеуші, рухани бағыттаушы тұлға екенін білдіреді. Осындай ұлағатты ұстаздардың бірі – Талдықорған қаласының инновация колледжінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы, топ кураторы – Кабазова Риза Набигажинқызын айтуға болады. Жалпы білім саласында 40 жыл еңбек етіп келе жатыр. Осы жылдардың 15 жылын кәсіби білім беру саласына арнаған. Алматыдағы шетел тілдері педагогикалық институтын ойдағыдай тәмамдап, алғашқы еңбек жолын неміс тілі пәнінің мұғалімі болып бастаған. Содан соң Семейдің Шәкәрім атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі мамандығын бітіріп, қазақ тілі мен әдебиет пәнінен жас шәкірттерге сабақ береді. Риза апай педагогикалық тәжірибесі мол, әр сабағы жаңа әдіс-тәсілдермен шығармашылық тұрғыда өтеді. Сабағында терең біліммен қоса, әр баланың тұлғалық қасиеттеріне көңіл аударады.

Ұстаздың өн бойынан – шыдамдылық, түсіністік, балаға деген сүйіспеншілік және мейірімділік қасиеттер табылып тұрады. Шәкірттің бойындағы қабілетті ашу, оның еркін ойлауына мүмкіндік беру, болашаққа деген сенімін ояту ұстаздың шеберлігіне тікелей байланысты. Мысалы, 331 топ студенттері «Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі» мамандығында оқитын Гүлзат Сәкен мен Аяна Өтеулінің шығармашылық баулып, қалалық мәнерлеп оқу байқауларына, ғылыми конференцияларға қатыстырып пәнге деген қызығушылықтарын оятты. Білім алушылармен жасалған

жұмыстары өз нәтижесін беруде. Мәселен, Гүлзат Сәкенді қалалық А.Байтұрсыновтың оқуларына дайындап, жетекшілік етті. Аяна Өтеулі Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», І.Жансүгіровтің мерейтойына орай өткізілген «Ілияс әлемі» мәнерлеп оқу байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Бүгінгі қоғамда балалардың білімі мен тәрбиесі – елдің болашағының кепілі. Сондықтан да ұстаздық жолында үнемі іздену, білімін жетілдіру ұстаздарға жүктелген асыл парыз деп білеміз.

Риза Набигажинқызы сабақтарына тыңғылықты дайындалып, студенттерді біліммен қоса рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейді. Ұлағат иесі өзінің білім алушыларына әрдайым құрметпен қарап, олардың ой-пікірлерін тыңдап, кез келген жағдайда қолдау көрсетуге дайын. Риза апаймен қаланың көрнекті орындарына, қалалық кітапханаларға барып танысып, өзімізге рухани азық алдық. Топ студенттерін колледжілік әртүрлі іс-шараларға да белсене қатыстырып отырады. Топта жақсы оқитын және белсенді студенттер көп.

Риза Набигажинқызы өз ісіне деген жоғары жауапкершілікті сезінетін, кәсіби маман ғана емес, сонымен қатар өмірдегі ұстаздық идеал. Ұстаздың тағы бір маңызды қасиеті – әділдік. Барлық студенттерге тең қарап, олардың ерекшелігін бағалай білетін ұстаз ғана балалардың шынайы құрметіне ие болады. Әділдік, шыншылдық, қарапайымдылық сияқты қасиеттері бар мұғалім әрбір студентке үлгі болары сөзсіз.

Аружан ЖҰМАҒАЛИ,
Талдықорған қаласының инновация
колледжінің 331 топ студенті

ЗАҢ АЯСЫНДА

АЗАМАТТЫҚ СОТ ПРОЦЕСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ

Кейінгі жылдары Жоғарғы соттың сот мамандарына, судьяларға қос тілді қатар меңгеру қажеттігі туралы талап қоюы қарапайым азаматтарға сапалы қызмет көрсетсек деген ниетпен туындап отыр.

Судьялардан мемлекеттік тілге қатысты осындай талап жыл сайын емес, күн сайын қатая беретіні және екі нәрсені, біріншіден, мемлекеттік тілде сауатты сөйлей білуді, екіншіден, жаза білуді, сонымен қатар, қарапайымдылық қағидасын сақтаудың маңыздылығын алға тартып судьялардың өз шешімдерін шұбалаңқы сөйлемдермен емес, көпшілікке түсінікті, ұғынықты етіп жеткізуі қажеттігін талап етуде. Тіл туралы заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен, ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмеуінің өзіндік себептері бар. Мысалы, Азаматтық процесінің кодекстің 14-бабында азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілдер тең қолданылатыны көрсетілген. Сотқа талап арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады. Мәселен, сотқа талап арыз (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Екі тараптың жазбаша өтініші бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында сот ісін жүргізу тілін айқындамамен өзгертуге құқылы. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесінің

кодексіне түсініктемеде сот ісін жүргізудің белгіленген тілі істі бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыларда сотқа қарау кезінде бірдей болып табылатыны көрсетілген. Алайда, сот тәжірибесінде сот ісін жүргізу тілі қағидатын сақтамаудың мәселелерінің бірі сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тараптардың сот ісін жүргізу тілін жетік білмейтіндігі, ал іс мемлекеттік тілде жүргізілсе аудармашының тапшылығына байланысты тіл қағидаты бұзылатыны да құпия емес.

Осы орайда, мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, бүгінгі таңда сот жүйесінде де мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыру көзделіп отырғаны белгілі. Егер әрбір азамат өзінің құқықтарын дұрыс пайдаланатын болса, сотқа түскен істердің мемлекеттік тілде қаралу үлесі де артар еді. Өкінішке орай, бізде, көбіне сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде істердің негізін орыс тілінде рәсімдейді де, сотқа келгенде істі сол тілде қарауға тура келеді. Өйткені, тергеушілер өздеріне ыңғайлы тілді таңдап алады да, тергеу барысын сол тілде жүргізеді.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,
Текелі қалалық сотының судьясы

ДЕНСАУЛЫҚ

ГЕРОНТОЛОГИЯ

Геронтология – адамның және жануарлар организмнің қартаюу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Егер тартқан және қартайған адамдардың ауруларын клиникалық медицинаның геронтология деп аталатын бөлімі зерттейді.

20 ғасырдың 30-40-жылдары Қазақстанда қариялар мен мүгедектер үйі, геронтологиялық және геронтология кабинеттері (Алматы, Қарағанды, т.б.), ауруханаларда геронтологиялық бөлімдер ашылды, жүйелі зерттеулер жүргізіле бастады. Бұл зерттеулердің нәтижесінде қартаюудың әлеуметтік - гигиеналық себептері мен клиникалық белгілері анықталды.

Адам жасының ұлғаюуына байланысты жүрек пен қан тамырларында пайда болатын өзгерістер зерттеліп, егде тартқан және қартайған адамдардың әдетте байқалмайтын жүрек ақауларына сипаттама берілді. Физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштердің қалыпты деңгейі анықталып, егде тартқан және қартайған адамдардың денсаулығын тексеру әдістемесі ұсынылды. Кейбір дәрілердің қартайған организмге тигізетін әсері, вегетативтік жүйке мен лимфа жүйесіндегі морфологиялық және гистохимиялық өзгерістер зерттелді.

Қарттар мен егде жастағы адамдардың психикасы мен мінез-құлық ерекшеліктерін, жас психологиясының бір саласы геронтологиялық психология зерттейді. Ол қартаюудың белгілерін, яғни адам организмнің функционалдық мүмкіндіктерінің (сыртқы әсерлерді қабылдауы көмескіленіп, қимыл белсенділігі баяулауы, күшқуатының азайып, денсаулығының нашарлауы) біртіндеп төмендеуін қарастырады. Психика функцияларындағы (зерде, ес, зейін, т.б.) өзгерістер бір жақты ғана байқалады. Қарт адамдардың психикасына интеллектуалдық және эмоционалдық «ішкі әлемге кету», өткізген өмірін бағалау мен ұғынуға байланысты қайғыру, өміріндегі басты мақсаттары орындалмаса, өкіну,



түңілу сияқты қасиеттер тән болады. Алайда қартаюуды тек регрессивтік құбылыс деп қарамау керек. Қартаю дамудың бір кезеңі. Бұл кезеңде адамның рухани жетілу деңгейі жоғары болады. Мысалы қанағаттану, парызын өтеген жағдайда өмірге ризашылық, мейірімділік, т.б. қасиеттермен қатар кемелденген адамдардың даналыққа жетуі – осы қартаю кезінде орын алатын құбылыс. Қарт адамның шығармашылық белсенділігі жоғары болатындығы жиі байқалады. Қартаюдың психикалық ерекшеліктері мен өзгерістеріне ерте кезден назар аударылса да, Геронтология ғылыми пән ретінде егде жастағы адамдардың көбеюі, олардың жұмысқа қабілеттілігі мен тұрмыс жағдайының, сондай-ақ іс-әрекетінің сипаты мен құндылықты бағдарларының өзгеруіне, яғни жеке адамның даму мәселелеріне, т.б. байланысты пайда болды. Геронтологияның қазіргі кездегі негізгі міндеттеріне адамды көрілікке дайындау, егде жастағы адамдар мен қарттардың белсенді әрі толық өмір сүруі амалдарын зерттеу, т.б. жатады.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Студент: Аружан ХАСЕН
Жетекші: Жұлдыз САГИНДЫКОВА

ҒАЛАМТОРҒА ТӘУЕЛДІЛІК – ЗАМАН ДЕРТІ

Ғаламтор – бүкіләлемдік ақпараттық коммуникативті байланыс құралы. Қашықтықтағы абонентпен ғаламтор желісі арқылы байланыс жасап, уақыттың тиімділігіне қарамастан қажетті ақпаратты тауып, мәлімет алуға болады. Пернетақтаны басып, сөзді немесе сөйлемді жазсаң болды, бірер минуттан кейін өзіңе қажетті ақпарат шығады. Тіпті іздеген адамның кез келген жерден ғаламтор арқылы таба аласың. Аз уақыттың ішінде қыруар жұмыстардың бірсыпырасы атқарылып жатады. Тез хабарласу, хат жазу аясында «ВКонтакте», «Instagram», «WhatsApp» әлеуметтік желілері елпіндеп тұрады.



тіпті оқымай бере саламыз. Мұғалім рефераттың мазмұнына сай бір сұрақ қойса, ойланып қаламыз. Өйткені, жалқаулық билеп алғаны соншалық, берілген тапсырманы оқудан да қалдық.

Ал енді ғаламтор желісіндегі жаппай сауатсыздыққа тоқталсақ, бір қатенің үстінен екінші қате қабаттасып, қазіргі таңда жастарымыз сауатсызданып, өз ана тілін ұмытып, мәңгірттеніп бара жатыр.

Көшеде, кез келген жерде ғаламторда отырмайтын, телефон ұстамайтын адамды кездестіре алмайсың. Тіпті ұйықтаған кезде телефон жанымызда болады. Ал баршамызға белгілі WI-FI желісі арқылы қаншама радиация тарайды. Бұл алдымен біздің денсаулығымызға әсерін тигізіп жатыр. Санамызды, жан-тәнімізді ұлап, ауру қылатын жағдайға жеттік.

Әр нәрсенің пайдалы әрі зиянды жағы бар. Иә, ғаламтор қажет, бірақ өз орнымын пайдалану керек. Ғаламторға тәуелділіктің соңы жақсылыққа апармайды.

ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК
Студент: Ақпейіл ТЛЕБАЛДЫ
Жетекші: Мадина ЕСЕНГАЛИЕВА

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ПӘТЕР АЛҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Санаты
1	Демеуова Жадыра Несипхановна	Мүгедек баласы бар немесе оларды асыраушы отбасы
2	Михайловская Нина Дмитриевна	Мүгедек баласы бар немесе оларды асыраушы отбасы
3	Сархыт Шагиян	Көпбалалы отбасы
4	Шотаева Гулюм Саденовна	Толық емес отбасы
5	Ғалым Азат Ғалымұлы	мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
6	Конкабаева Динара Жумановна	Толық емес отбасы
7	Жанабекова Назгуль Даулетовна	Толық емес отбасы
8	Закарьянова Альмира Ельтаевна	Мүгедек баласы бар немесе оларды асыраушы отбасы
9	Закиров Ермек Калиевич	Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
10	Абдильданова Гульзада Идрисовна	Көпбалалы отбасы
11	Укубаев Нурболат Садыканович	Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
12	Базарбаева Алия Жумабековна	Мүгедек баласы бар немесе оларды асыраушы отбасы
13	Искаков Ескендір Тынышбаевич	Жетім балалар
14	Лаврентьевская Диана Канабековна	Жетім балалар
15	Тузас Наталья Антано	Жетім балалар
16	Ундизова Мариям Мухаметжанкызы	Жетім балалар
17	Веричева Олеся Владимировна	Жетім балалар

ЖОБА

«Талдықорған қаласының көпбалалы аналарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 5 желтоқсандағы №337 шешімі және Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы №555 қаулысы өзгеріс енгізу туралы

Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Талдықорған қаласының көпбалалы аналарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 5 желтоқсандағы №337 шешімі және Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы №555 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №137134 болып тіркелген):

- Осы бірлескен шешім мен қаулының реквизитіндегі облыс атауы «Алматы облысынан», «Жетісу облысына» өзгертілсін.

2. Осы бірлескен шешім мен қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Б.Сейтімбетовке жүктелсін.

3. Осы бірлескен шешім мен қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Бәзіл

ПРОЕКТ

О внесении изменения в совместное решение Талдықорганского городского маслихата Алматинской области от 5 декабря 2019 года №337 и постановление акимата города Талдықорған Алматинской области от 5 декабря 2019 года №555 «О льготном проезде многодетных матерей города Талдықорған на общественном пассажирском транспорте (кроме такси)»

Талдықорғанский городской маслихат **РЕШИЛ** и акимат города Талдықорған **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести совместное решение Талдықорганского городского маслихата Алматинской области от 5 декабря 2019 года №337 и постановление акимата города Талдықорған Алматинской области от 5 декабря 2019 года №555 «О льготном проезде многодетных матерей города Талдықорған на общественном пассажирском транспорте (кроме такси)» следующее изменение (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов Республики Казахстан №137134):

- В реквизитах настоящего совместного решения и постановления изменить наименование области с «Алматинской области» на «область Жетісу».

2. Контроль за исполнением настоящего совместного решения и постановления возложить на заместителя акима города Сейтімбетова К.Б.

3. Настоящее совместное решение и постановление вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким города

Е. Бәзіл

ЖЕТІСУДА МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ КЕЛІСІМІНСІЗ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН ҚҰРУ КЕЗІНДЕ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамуы агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік кәсіпкерлік ортада болуының орындылығын анықтау мақсатында талдау жүргізді.

Осы талдауды жүргізу барысында «Жетісу облысы білім басқармасының Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Кербұлақ ауданы Қарашоқы ауылындағы «Балдәурен» балалар шығармашылық орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Кәсіпорын) монополияға қарсы органнан кәсіпорынды құруға келісім алмағандығы анықталды.

Осыған байланысты департамент кәсіпорынға қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарды.

Қазіргі уақытта департаменттің нұсқамасы орындалды.

В ЖЕТІСУ ВЫЯВЛЕНО НАРУШЕНИЕ ПРИ СОЗДАНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ БЕЗ СОГЛАСИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу (далее - Департамент) был проведен анализ с целью установления целесообразности присутствия государства в предпринимательской среде.

В ходе проведения данного анализа установлено, что ГККП «Детский творческий центр «Балдәурен» в селе Карашоки Кербулакского района ГУ «Отдел образования по Кербулакскому району управления образования области Жетісу» (далее - Предприятие) не получил согласия антимонопольного органа на создание.

В этой связи Департамент вынес предписание об устранении нарушений законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции в отношении Предприятия.

В настоящее время предписание Департамента исполнено.

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ

ӨМІР ТОЛҚЫНЫНДА БОЛ!



«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» KEAҚ гранты «Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасы» ММ тапсырысымен «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға көмек көрсету» басым бағыты бойынша «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Жетісу облысында «QOLDAU» әлеуметтік бейімдеу орталығы әлеуметтік жобасын ағымдағы жылы жүзеге асыруда.

Бүгінгі таңда Жетісу облысында Пробация қызметінде 916 адам есепте тұр (605 бас бостандығын шектеу, 173 шартты түрде сотталған және пробация есебінде тұр. Аталмыш жоба қоғамда әлеуметтену үшін бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды біріктіруге және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған. Пробация қайта қылмыс жасаудың алдын алу болып табылады. Демек, аталған әлеуметтік жоба арқылы қайта даярлау, қайта бейімделу, қоғамдық тәрбие, заңгерлік көмек, әлеуметтендіру жұмыстарын жүйелеу көзделіп отыр.

Бұл бағыттағы жұмыстар жүйеленген. Мәселен, Жетісу облыстық прокуратурасының қолдауымен 8 аудан мен 2 қала қамтылу жоспарланып бағдарлама бойынша психолог Қалиева Бақыт Асанқызы «Өмірдің толқынында бол» психологиялық тренингті өткізді. Тренингтің мақсаты - есепте тұрған бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдардың әлеуметтенуге бағыттау, кәсіптік білім деңгейін көтеру, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу және заңгерлік, психологиялық қолдау.

Талдықорған қалалық ПҚБ бастығы, әділет майоры Еркін Шыныбековтің басшылығымен пробация тіркеуіндегі 17 азамат тренингке қатыстырылды және тренингтің маңыздылығына сонда бұл жерде өзара сауалдар қойылып, кері байланыс орнатылды. Тренингтен кейін про-

бация есебінде тұрған тұлғалардың жұмыспен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөліп, тұрақты еңбекпен айналысу қоғамға бейімделудің маңызды факторы болғандықтан жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Бұл Талдықорған қаласының «Мансап» орталығы және «Фирма Талдықорған жолдары» ЖШС, Жетісу су құбыры» МКК, «Атажан құрылыс» ЖШС, «Талдықорған көркейтту» ЖШС, «Айбын» ЖШС, «Айсұлу» Жетісу тігін фабрикасы» ЖШС, «Аниса» ЖК, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы жеке мекемесінің Жетісу облысы бойынша филиалы қатысуымен өтті. «Мансап» орталығының мамыны Мейрам Есболатов семинарда жұмысқа орналасу жағдайларын түсіндіріп, кеңес берді.

Жоба жетекшісі Құлатай Айдос Мұратұлының айтуынша, «Қолдау» орталығы өз бағдарламаларын кеңейтіп, көбірек мамандар мен серіктестерді тартуды жоспарлап отыр. Орталықтың мақсаты - кешенді қолдау және бейімдеу жүйесін құру, бұл өз кезегінде қылмыстың қайталану деңгейін төмендетіп, өңірдегі әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Қазіргі таңда Жетісу облысының пробация есебіндегі 50 азаматты «Талдықорған жоғарғы политехникалық колледжі» ШЖҚ кәсіптік техникалық мамандыққа оқытып, сертификат алған және үздік оқыған 10 тұлғаға шәкіртақы берілді. Ендігі кезекте жобаны қорытындылау жоспарланған.

Дархан АСҚАНБАЕВ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АШЫҚТЫҚ САПАНЫ АРТТЫРАДЫ

Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін үнемі жетілдіру - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысының департаментінің (бұдан әрі - Департамент) жұмысындағы негізгі ұстанымдардың бірі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жүйесін жетілдіру азаматтардың құқықтарын қорғап, қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Осы ретте, Департаментпен мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету және сапасын арттыру мақсатында талдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.

Талдау жұмыстарының аясында Департаментпен әлеуметтік маңызды салаларында көрсетілетін бір-қатар жасасын қызметтер анықталып, бірнеше ұсыныстар әзірленіп, Агенттікке ұсынылды.

Аталған ұсыныстарды іске асыру тиімді және қолайлы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.



@elgeqyzmet.gov.kz

ЖАҢАШЫЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Биылғы жылғы шілдедегі Жарлығымен мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдамада алдағы уақытта елімізде мемлекеттік қызмет үш негізгі бағыт бойынша дамитыны айқындалған. Олар, сервистік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген мемлекеттік қызмет моделін қалыптастыру, мемлекеттік қызметті кәсібилендіру, HR-процестерді жетілдіру және басқару.

Осындай тәсілдердің бірі ретінде болашақта мемлекеттік қызмет қатары мемлекет есебінен жұмыс істейтін білім беру мекемелерінің үздік түлектерімен толықтырылатын болады. Бұл үрдіс 2023 жылдан бері қолданыста. Аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдардың төменгі лауазымдарына жоғары оқу орындарын үздік тәмамдаған түлектердің кіруіне мүмкіндік берілді.

Бүгінгі күні Жетісу облысының аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдарына 25 жас түлек қызметке қабылданды. Мұндай тәсілдің жастардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылықтарын арттыратыны сөзсіз.

Бұған қоса, биылғы жылы өңірлік деңгейде кадр резервіне іріктеу жүргізіліп, өңірімізде бәсекелестікті орнататын 20 тұлға резервке алынды. Бүгінгі күні резервшілердің үшеуі басшы лауазымдарға тағайындалып та үлгерді.

Конкурстық іріктеу – мемлекеттік органдарда жұмыс істеу үшін қүзіретті кандидаттарды іріктеуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметті кәсібилендіруде шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Бүгінгі күні бұл іріктеу жүйесіне де жаңашылдықтар енгізілген. Конкурстық іріктеудің жаңа нысаны бойынша, іріктеу процесстерін цифрландыру арқылы аталған рәсім жеңілдетілді, адами факторлар барынша азайтылды, кандидаттарға іріктеуге қашықтықтан қатысуға мүмкіндік пайда болды. Нәтижесінде, мемлекеттік қызмет тартымдылығы екі есеге артты. Өңірдегі мемлекеттік органдарға аталған іріктеудің жаңа жүйесін алдағы жылы енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту кәсіби даму мен қүзіреттерді жетілдірудің басты бір бөлігі болып табылады. Оларды оқытуды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы және оның өңірлік филиалдары жүзеге асырады.

Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің отыз пайызы жыл сайын біліктілігін арттыру курстарынан өтіп тұрады. Ағымдағы жылдың 9 айында 430 мемлекеттік

қызметшілер біліктілігін арттыру курстарынан өтсе, 90 мемлекеттік қызметші қайта даярлау курстарынан өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүйесі мемлекеттік қызметшілерге төленетін бонустардың мөлшерін айқындайтын және олардың жұмысын тоқсан сайын бағалаудың тегі болып табылады. Сонымен қатар, бұл - мемлекеттік қызметшілердің жоғары тұрған лауазымға ілгерілеуіне, яғни төрт тоқсан бойы жоғары нәтиже көрсеткен мемлекеттік қызметші келесі лауазымға тікелей тағайындалуына мүмкіндік береді. Осылайша, ағымдағы жылдың 9 айында өңірдегі 12 қызметші лауазымында ілгеріледі.



Тұжырымдамада еңбекақы төлеу жүйесі де өзгеретіні айтылған, алдағы уақытта ол мемлекеттік қызметшілердің алған дағдылары мен білімдері үшін әділ сыйақыны қамтамасыз ететін көлденең мансаптық ілгерілеумен байланысты болады деп күтілуде.

Тұжырымдама мемлекеттік қызмет саласында болатын тың өзгерістерге толы. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жұмысына халықтың сенімі артып, мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қызметке жеке сектор өкілдерін тарту мүмкіндіктері кеңейіп, көлденең мансаптық ілгерілеуді енгізу есебінен мемлекеттік қызметтің тартымдылығы артып, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік пакетке және мотивациялық жүйеге қанағаттанушылықтары артады деген жоспар тұр.

Мұндағы негізгі мақсат дарынды адамдар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру, патриотизмнің жоғары стандарттары мен ұлттың мүдделеріне адал қызмет етуді біріктіретін кадрлар санын арттыру болып табылады.

А.ДОСЫБАЕВА,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаментінің
бас маманы

ҚАУІПСІЗДІК ӨРТ – ҚЫСҚА ТҰЙЫҚТАЛУДАН

Өрт себептерінің бірі электр сымдарын монтаждау және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе қысқа тұйықталу болып табылады. Бұл оқшаулаусыз екі өткізгіш бір-біріне қосылған кезде пайда болады.

Нәтижесінде электр желісінің шамадан тыс жүктемесі пайда болады, ол желідегі ток күшінің күрт артуымен бірге жүреді. Сымдар бірден металл өткізгіштер еритін температураға дейін қызды, ұшқындардың қарқынды шығуы және көп мөлшерде жылу байқалады. Егер қысқа тұйықталу орындарында жанғыш материалдар мен конструкциялар болса, олар кейіннен отты таралуымен тез тұтанады. Сондықтан сымдарды оқшаулаудың дұрыстығын бақылау керек.

Сонымен қатар, шамның негізі картриддің серіппесімен нашар байланыста болуы қауіпті салдарға әкелуі мүмкін. Бұл жоғары өтпелі кедергінің ерекше жағдайы. Нәтижесінде картриддің қатты қызуы пай-

да болады, бұл сым оқшаулауының кебуіне, оқшаулау қасиеттерінің жоғалуына және шам сөнген кезде қысқа тұйықталуға әкеледі.

Электр желілерін орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу себебінен өрттерді болдырмау мақсатында сымдарды тораптарға байлауға, ақаусыз ажыратқыштарды, розеткаларды пайдалануға, сымдарды тұсқағаздармен желімдеуге, электр сымдарын шегелермен бекітуге болмайтынын әрдайым есте ұстау қажет.

Бұдан басқа, «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларына», тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына, «Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі қағидаларына» сәйкес монтаждау және пайдалану кезінде профилактикалық іс-шаралар жүргізу қажет. Өрт қауіпсіздігінің барлық ережелерін сақтаңыз.

Е.КӨБЕСОВ,
Талдықорған қаласы ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау капитаны

БАРЛЫҚ ӨНІРДЕ ДАБЫЛ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Кеше сағат 11:00-де Қазақстанның барлық өңірінде дабыл қағылды. Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, бұл «Қыс-2024» командалық-штабтық оқу-жаттығу аясында болды. Бұл іс-шара халықтың «Баршаның назарына!» бірғыңай құлақтандыру сигналына ден қою тәртібін пысықтауға бағытталған. Аталмыш дабыл дауысы, бұл қауіп төнген, немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда барлық шұғыл хабарламаларды жібермес бұрын халықтың назарын аудару үшін берілетін ескерту сигналы.

Дыбыстық сигналды естігеннен кейін теледидарлар мен радиоқабылдағыштарды қосып, интернет-ресурстардағы және мобильді қосымшалардағы ақпаратты оқып, қазіргі жағдайда одан әрі әрекет ету бойынша нұсқаулар алу қажет. Төтенше жағдайлар туралы халықты хабардар ету – бұл тұрғындарды кез келген апаттың немесе апаттардың әсерінен туындайтын зиянды әсерлерден қорғауға мүмкіндік беретін негізгі қауіпсіздік шарасы.



АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК - БАСТЫ ОРЫНДАА

Киберқауіпсіздік басты орында болары сөзсіз. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен TSARKA арасында меморандумға қол қойылды.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы киберқауіпсіздік саласындағы жетекші компания - TSARKA-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын жариялады. Бұл келісім ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және Мемлекеттік корпорацияның ақпаратын қорғауға бағытталған.

Өріптестік аясында TSARKA ақпараттық жүйелердегі осалдықтарды анықтау және жою мақсатында Tumar.One платформасынан зерттеу және тестілеу жүргізу үшін бағ-хантерлерді белсенді түрде тартады.

Бағ-баунти платформасы – тәуелсіз киберқауіпсіздік зерттеушілері бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу және анықталған осалдықтар туралы хабарлау мүмкіндігіне ие болатын инновациялық модель.

«Меморандумға қол қою – екі ұйымның киберқауіпсіздіктің жоғары стандарттарын ұстанатынын, мемлекеттік сонымен қатар жеке құрылымдар арасындағы серіктестіктің маңыздылығын растайды. Бұл қадам қауіпсіздікті үздіксіз бақылауды қамтамасыз етіп, мемлекеттік басқару жүйесіне азаматтардың сенімін арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті TSARKA Group президенті Олжас Сәтiev.

«Цифрлық дәуірде деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің қызметіміздегі негізгі аспектілерінің бірі. Серіктестер бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеп, осал тұстардың анықталғаны туралы хабарлап отырады. Біз өз тарапымыздан бұзушылықтар, рұқсатсыз қолжетімділік және басқа да қауіптерді болдырмау үшін кешенді шаралар қабылдаймыз. Бұл Мемлекеттік корпорацияның деректерді қорғауды күшейтіп, олардың құпиялылығына кепілдік беруіне мүмкіндік береді», – деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорацияның басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен TSARKA арасындағы ынтымақтастық барлық азаматтар мен ұйымдар үшін қауіпсіз цифрлық ортаны құрудағы маңызды қадам болмақ.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» **КЕАҚ**
Жетісу облысы бойынша филиалы

ДЕНСАУЛЫҚ ИММУНДАУ МАҢЫЗДЫ

Талдықорған қаласы бойынша 2024 жылдың 10 айына 878 баланың ата-анасы екпеген бас тартқан. Тұрғындар арасында себепсізден-себепсіз екпеген бас тартқандар күннен-күнге көбеюде. Екпеген бас тартудың салдары әрбір аймақта иммундық жүйесі жоқ тұрғындардың көбеюі, вакцинамен басқарылатын жұқпалы сырқаттанушылықтың бақылаусыз таралып кету қаупін тудырады.



Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 85 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын жеке тұлғалар инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы міндетті профилактикалық екпелерді алуға міндетті.

Иммундау – бұл вакцина ету арқылы адамда иммунитетті қалыптастыратын немесе жұқпалы ауруларды қабылдамау иммунитетін тудыратын процесс. Иммундау – өмірге қауіп туғызатын жұқпалы ауруларға қарсы күрес үшін сынақтан өткізілген құрал. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауына сәйкес иммундау жыл сайын 2-3 миллионға жуық адамның өмірін сақтайды. Өлемде жыл сайын миллиондаған адамның өмірін алатын шешек ауруы толығымен жойылды. Полиомиелит ауруы да жойылды, қызылшаны жою жалғасуда. Дифтерия, қызамық, көкжөтел, эпидпаротит және басқа да қауіпті жұқпалы аурулар жүз тіпті мың есеге төмендеген.

Вакцинация жоқ болған жағдайда инфекциялар өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төндіреді.

Халықты иммундау тегін, рұқсаты бар емханалар мен медициналық орталықтарда жүргізіледі. Вакциналар миллиондаған адамдарды ауыр аурудан және өмір бойы мүгедектіктен сақтап, аман-саулық пен өмір сапасын қамтамасыз етеді.

Вакциналар қауіпсіз, вакцинация үшін ДҰҰ – мен сертифицирталған, яғни сапасына кепілдік берілген препараттар қолданылады.

Иммундау миллиондаған өмірді құтқарады және мамандардың көпшілігімен ең тиімді араласу шараларының бірі ретінде мойындалады.

С.АҚАН,
РММ Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы
Р.МЕЙНБЕКОВА,
эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Талдықорған
Газет 1992 жылдың 3-ші наурызынан шыға бастады

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.
Тапсырыс №1216 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.